



Білім беру ұйымдарының басшыларына

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2024 жылғы 26 қаңтар күні сағат 10.00-19.00 аралығында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтарының жұмысы аясында жалпы білім беру ұйымдарында «Бірыңғай ашық есік» күнін ұйымдастыру бойынша ұсыным жолдайды.

Қосымша: 3 парак.

Басшы



С. Дауешова

**«АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ» ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ АЯСЫНДА
ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА
«БІРЫҢҒАЙ АШЫҚ ЕСІК» КҮНІН ҰЙЫМДАСТЫРЫП ӨТКІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМ**

Өткізу күні, уақыты: 26 қаңтар 2024 жыл ЖҰМА КҮНІ, басталуы сағат 10.00-19.00
Өтетін орны: Білім беру ұйымдары

Апта күні	Тақырып	Мақсаты	Құндылық	Әдіс-тәсілдер (ұсыныс)	Қатысушылар	Жауаптылар
26 – қаңтар 2024 жыл ЖҰМА КҮНІ	«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу!»	<p>Мақсаты: ата-аналардың рефлексия және балалардың тәуелсіздігін қолдау дағдыларын дамыту.</p> <p>Міндеттері: -ата-аналарды жоғары сынып оқушыларының өз өмірін өз бетінше құруға деген ұмтылысын қолдауға, дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ынталандыру; -жоғары сынып оқушыларының жас</p>	Талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)	<p>1. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» мақсатында ашық есік күнін ұйымдастыру:</p> <p>1) ашық есік күнін өткізу туралы директордың атынан ата-аналарға электронды шақыру дайындау, мектептің әлеуметтік желілеріне ашық есік күні туралы ақпарат орналастыру.</p> <p>2) ашық есік күні өткеннен кейін әлеуметтік желіге ақпарат салу, видеороликтер әзірлеу.</p> <p>Ашық есік күні 8 кеңес беру аймағы жұмыс істейді.</p> <p>1-аймақ. «Отбасы - бақыт бесігі» «Q - TALKS». Q-talks аймағына бала тәрбиесіне, құндылықтарға байланысты зерттеу жүргізіп жүрген 1 спикер (ата-аналар) сөз сөйлейді. Спикерлерге берілетін уақыт: 15-20 минут</p>	Білім беру ұйымдары Ата-аналар Педагогтер Мектеп әкімшілігі	«Әдістемелік орталық» МКҚК, Білім беру ұйымдары

		<p>ерекшеліктерімен таныстыру.</p> <p>-бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамыту және баланың дербестігіне қатысты өзіндік мінез-құлық бағытын талдау.</p>		<p>2-аймақ. Training «Менің балам – дербес тұлға» қатысушылар топтарға бөлінеді. Педагог «нысана» үлгісін көрсетеді, яғни бір-біріне орналасқан шеңберлер. Жаттығу ата-ана баласы мектеп бітіргеннен кейін баласының бойында қандай қасиеттерді, қабілеттерді, дағдыларды көргісі келеді деген сұраққа жауап беруден басталады.</p> <p>3-аймақ. World safe «Әке-бәйтерегім, ұлым-мұрагерім» атты, әкелер отырысы ұйымдастырылады. Мақсаты: жаңадағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Отбасы ынтымақтастығын дамыту, әкелердің бала тәрбиесіндегі ролін нығайту. Әкеге деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Міндеттері: 1. Ұл бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты ұғындыру. 2. Отбасындағы әке орнын, ролін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу. 3. Үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін түсінуге тәрбиелеу.</p>	<p>Психолог</p> <p>Әкелер мектебі</p>
--	--	--	--	--	---------------------------------------

				<p>4-аймақ. Workshop «Қыз тәрбиесі» мақсаты: қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық, ізеттілік, ісмерлік т.б. негізінде тәрбиелеу. Өр қыз баланы парасатты, жан – жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге тәрбиелеу.</p> <p>5-аймақ. Кітапханалық квест «Ата-бабаларымыз балалардағы дербестікті қалай тәрбиелеген» тәрбиенің ұтымды дәстүрінде балалардың дербестігін дамытудың өзіндік тәсілдері мен амалдары болғанын көрсететін тарихи фактілерді еске түсіру.</p> <p>6-аймақ. «Жақсы сөз – жарым ырыс» сынып жетекшілер және пән мұғалімдері ата-аналармен әңгімелесу.</p> <p>7-аймақ. Сабақ кестесіне сәйкес ата-аналардың сабаққа қатысуы.</p> <p>8-аймақ. «8 минуттық оқу» жобасын қорытындылау.</p>	<p>Аналар мектебі, жеңге мектебі</p> <p>Аталар мектебі, әжелер мектебі</p> <p>Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері</p> <p>Ата-ана</p> <p>Ата-ана, оқушылар</p>
--	--	--	--	--	---